

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

мүмкіндік бар. Арнайы қосымшалардың арқасында қолданушы байланысқа шыққан адамды көріп, ести алады. Интернеттің адамзатты тұзаққа түсіргендігін және виртуалды шындықтың шынайы өмірді жеңгендігін толықтай растауға болады. Күн өткен сайын әлеуметтік желілер көбейіп келеді. Ескілерінің орнын жаңалары басып келеді. Ғылыми мақалада «Қазақстан» ұлттық арнасының әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына зерттеу әдістері арқылы талдау жасалды. Бүгінде журналистердің, медиа мамандарының алдында үлкен жауапкершілік тұр. Әсіресе, қазақ тілді контентпен жұмыс істейтіндердің арасында. Себебі оның қолданылу аясы тар, насихаты төмен. Білетініміздей, кез келген арнаның әлеуметтік желідегі парақшаларында орыс тіліндегі контент көбірек оқылады. Міне, осындай олқылықтарды жою, қазақ контентінің аясын кеңейту журналистердің міндетіне айналары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дастан Ақаш. Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық ынтымақтастығы талқыланды// «Егемен Қазақстан» газеті. Сеул, 2019.
2. «Қазақстан» ұлттық арнасының YouTube арнасы [электронды дереккөз]. 2022. URL://<https://www.youtube.com/@QazaqstanTV>
3. «Қазақстан» ұлттық арнасының Facebook парақшасы [электронды дереккөз]. 2022. URL:// <https://www.facebook.com/qazaqstantv?mibextid=LQQJ4d>

ӘОЖ 070

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ТІЛ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Раимбеков Самат Жандосұлы

samat.anirainbow@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

М067 – «Журналистика және репортерлық іс» мамандығының

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ғ.М. Ақсейіт

Оралхан Бөкей қазақ публицистикасы мен әдебиетіне өзіне ғана тән жаңа тыныс әкелген ерекше тұлғалардың бірі, әрі бірегейі болып қала бермек. Оның қаламынан туған туындылары, оқырмандарының жүрегінен әрқашан орын таба біліп, жылы қабылданып, сол сәттегі қоғамның ғана емес, қазіргі жас оқырмандарымыздың да ой талқысына айналып жүргендігі өтірік болмас. Шытырман шығармаларының желісі әрқилы болғанымен ортақ белгісі автордың айрықша стилі. Ал сол стилінің қайдан және қалай қалыптасқанын аңғаруымыз үшін, Оралхан Бөкейдің шығармашылық жолын тереңнен, яки шығармашылығының тұңғыш қазығы қағылған кезінен бастап қарастырғанымыз жөн болмақ. «Мұзтаудың Мұзбалағына» айналған публицист, жазушы-драматург Шығыс Қазақстан Облысы, Қатонқарағай ауданындағы Шыңғыстай ауылында 1943 жылы дүниесігін ашқан. Шыңғыстай орта мектебін тамамдағаннан кейін 1963-1969 жылдар аралығында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқи жүріп, 1965-1968 жылдар аралығында Большенарым ауданының «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастаған. Ал 1968 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің шақыртуымен Алматыға келіп, журналистикамен қатар жазушылықты да бірге алып жүреді. 1974-1983 жылдары «Жұлдыз» журналының проза меңгерушісі болып, 1983-1991 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторының орынбасары, ал 1991 жылдан бастап 1993 жылға дейін газеттің бас редакторы болып жұмыс жасаған[1]. Осылайша есімі әлемге

танылған дарынды жазушының қаламы публицистикадан бастау алғанына көз жеткізе аламыз. Оның жаңашыл журналист ретінде өзіндік ерекше стилі мен дүниетанымының алғышарты да осы публицистикадан бастау алғанын айқындауымыз қажет. Бұл мақаламыздың басты мақсаттарының бірі де осы Оралхан Бөкей публицистикасына байланысты, орамды ой, толымды пікір қосу болатын. Өресі өзге өр Алтайдың тумасы, дарынды жазушы ғана емес, жаңашыл публицист болғанын атап өтпеу, біз үшін айып болмақ. Сол себепті, бұл мақалада шектеулі болса да, автордың шағын мақалаларын талдап, стилі мен өзгешелігін ашып көрсетпекпіз.

Оралхан Бөкей тілінің көркем өрнектелуі автордың тілінің байлығы мен өзіндік ерекше стилімен үйлеседі. Оның шығармаларын оқымаған жастар санаулы-ақ десек қателеспеспіз. Қайткенмен, мектеп бағдарламасында оқылатын бұл автордың оқушы оқырмандарының жүрегіне жетіп, жеңіл тіл табысуы соған дәлел болмақ. Десе де, бұл жолы автордың шығармалары емес, публицистикасына назар аударып отырғандықтан оның өзіндік өз заманында жаңашыл стильде жазылған очерктері мен публицистикалық мақалаларына тоқталып отырмыз. Атап айтқанда, 1966 жылы жарияланған «Із екеу еді», 1968 жылы жарияланған «Армансыз адам болмайды» атты мақала, очерктерін қарастырмақпыз. Жалпы, автордың тілінің көркемдігі мен кейіпкер мен табиғат психологиясын өрнекті суреттеуі очерк жанрында жиі жазуына себепкер болса керек. Оның өзге очерктерден ерекшеліндіретін стилі де өз таңбасын салмай қоймағанын атап өткеніміз де жөн. Автор барынша күрделі дүниені қарапайым, әрі түсінікті жазуға тырысады және айтқан ойы анық, әрі көркемдік жағынан қанық болып келетіндігі оқырмандарын қуантпай қоймайды.

«Із екеу еді» 1966 жылы жазылғанымен қазіргі қоғамға келісті мәселе қозғалмайды деп айтуға дәгіміз жібермейді. Бұл очеркті оқи бастап-ақ автордың өзіндік таңбасы мен ерекше стилін көре аламыз. Очерк диалог ретінде басталып, кейіннен Мәлік атты кейіпкердің басынан өткерген оқиғасымен жалғасады. Кейбір кездері автор оқырманға ой салу үшін риторикалық сұрақтар қойып, оқырман ойын соңынан ілестіріп, жетелеп отырады.

Очерк бастамасынан-ақ сол замандағы көкейкесті мәселені ортаға былай салады: «Бір маман бар: істен көрі көпірме сөзге үйір. Ондайлар лайымда аудан басты, кеңсе басты болып келеді де, үнемі мұрынынан шаншылып жүреді. Қоғам деп ұран тастай тұрып, өзім деп өзеуреп тұрады. Иә, ол кәдімгі қоғам деген сөзді өзім деген сөздің игілігі үшін пайдаланады. Бір қызығы, ондай мамандар кейде көзге лезде түсіп, әп-сәтте зінгіттей лауазымға ие болатынын қайтерсің. Бір қызығы, тіршіліктің тірегімен жүріп, пендешіліктің күйкі күйбеңіне қалай душар болғанын андай бермейді. Мұндай маманның өсуі қандай тез болса, өшуі де сондай шапшаң.» – дей келеді де «- Жоқ, менің айтпағым ондай маман емес[2]» - деп сол кездегі ашық проблемалардың бірі жұмысқа салғырттықпен қараса, бірі таныс, туған-туыстың арқасында «маман» болып жатқандығын сынап, көкейкесті мәселені диалог арқылы ерекше жеткізеді. «Жоқ, менің айтпағым ондай маман емес» деп аяқталған жауаппен әрқилы мамандарға тоқталып өтіп, ақыры өзі баяндамақ Мәлік атты мал дәрігерінің басынан кешкен оқиғасын көркем тілмен өрнектеп суреттейді.

Оқиға енді ғана бар жұмысын аяқтап, ұзынды қара кеш қыстақтардың барлығын аралап тексеріп келіп, ес-түссіз ұйықтап жатқан Мәлікке қойшылардың келіп, ақпанда нөсер жауып, таудан көшкің түскеннен жолдың жабылып қыстауда қалған қойға қалай жетерлерін білмей көмек сұрап келуінен басталады. Өзі мал дәрігері болса да апыл-ғұпыл киініп, топтың алдына түсіп жол бастайды. Сөйтіп келе жатқанында көк тайғақ тау жотасынан аты шалыс басып, құзға қарай сырғанағанында өзі секіріп құтылғанымен жылқысы жыраға құлап кетеді. Бұл жерде автор кейіпкердің қызметіне адалдығын ашу үшін Мәліктің қойшылармен мынандай диалогын береді:

«- Енді қайттық!?

-Ой, ол өлмейді. Қалың қармен кетті ғой... ..Өлмесе – жатар. Жүріңдер жігіттер, неде болса да отарға жетелік, бізге бір аттан гөрі үш мың қой қымбат.». Автор Мәлік арқылы сол қоғамдағы мамансымақтарға, нағыз өз қызметіне адал маманның қандай болу қажеттігін осындай үлгі арқылы көрсетуге тырысқанын көреміз. Қойдың барлығын аман сақтап қалған

Мәліктің оқиғасы, кейбір оқырман үшін ертеке болып көрінетінін түсінгендей автор бұл сауалды тағы да диалог ретінде риторикалық сұрақпен жеткізеді. Бұл әңгімеңіз ертектеу екен деген пікірге «Осы заманда ертеке бар ма, бәрі де шындыққа айналып жатыр емес пе!» деп өнімді де, өтімді жауап береді. Ал очерк тақырыбы «Із екеу еді» деп неліктен аталғанын оқырмандарына соңғы абзацта беруі де очерк жанрының қыр-сырымен жіті таныс екендігін көрсетеді.

Тағы бір қарастырмақ очеркіміз 1968 жылы жарық көрген «Армансыз адам болмайды»[2]. Бұл очеркінде де көзге алдымен түсетіні, әрине, автор стилі. Оның шұбалаңқы сөздерді қолданбай, көркемдігі мен ойдың нақтылығын қатар сақтауы оқырманның назарынан тыс қала қоймайтындығы айдан анық. Автор бұл очеркінде айтылмақ ойды жиып оқырман назарына ұсына салудың орнына, оны алты бөлімшеге бөліп, бірінші ойды екіншісімен жалғап отыруында. Әр тараушаның өзіндік тақырыбы мен берер ойы бар. Бірінші тарауын «Ол сенің замандасың» деп атап, кіріспе бөлім ретінде ұсынып, Әлімқұл Ысқақов атты замандасы жайлы баяндалатындығын атап өтеді де: «Мені замандасымның өн бойындағы жұртшылыққа жуықтық, мейлінше қарапайымдылық қызықтырған... Біздің айтпағымыз – замандас келбетінен аңдаған кейбір ерекшеліктер ғана» - деп бұл жұмысының жазылу себебін түсіндіреді. Екінші тараушаны «Әке, сен жылап көрдің бе?» деп атаған екен. Бұл бөлімінде Әлімқұл мен әкесінің арасында болған диалог беріледі. Қазіргі жас ұрпақ пен алдыңғы буынның арасындағы арақашықтықтың қалай көрінетіндігін осындай мысалдармен керемет жеткізе білгенін аңғарамыз және ары қарайғы алдымызда күтіп алатын ойға да еріксіз дайындаламыз. Үшінші тарауша «Аспан алыстап барады» деген атаумен аталған екен. Бұл жерде әлі тұлға болып қалыптаспаған жас Әлімқұлдың арманының жақындағанның орнына алшақтап, бұзау бағып жүргені суреттеледі. Келесі бөлім бас тақырып «Армансыз адам болмайды» деп аталыпты, ал оның себебі Әлімқұл мен ақсақалдың диалогынан аңғарылады. Әлімқұл қойған сауалға, «армансыз адам болмайды» деп қысқа да нұсқа жауап, берген ақсақал тікелей оқырмандарға арналғандай. Ал бесінші тарауша «Жастық, сен бұлғақтаған тайсың-ау» деп аталып, Әлімқұлдың комсомол секретары атанған күн жайлы баяндалып, маңызды ойды тағы бір ақсақал мен Әлімқұлдың диалогы арқылы жеткізеді. Елуді алқымдап қалған кісі қазіргі жастар бұзылған, нағыз жастар біздің кезде болып еді деген пікірін айтып отырғанында, алғашқы рет халық алдында қысылса да өз ойын жасырмай айтқан Әлімқұл, жастардың бұзылмағанын, заман ағымының мүлдем өзге бағытқа бұрылғандығын, бұның барлығы сыңаржақ ұғым екендігін айтуымен Әлімқұлдың қызмет бабында ғана емес, тұлғалық жағынан да өсуін суреттеп тұрғандай. Соңғы алтыншы тарауша «Мені тыңдашы, Абай аға!» деп аталыпты. Бұл бөлімде Әлімқұлдың Жидебайдағы Абайдың қыстауына барып, Абайдың қабірінде оның рухымен тілдесікісі келгендігі баяндалады және сол арқылы Әлімқұлдың өн бойындағы ойымен оқырманмен емін-еркін бөлісіп, ой толғамға да орын қалтырғандығын көреміз. Бұл соңғы бөлімде автор осылайша есейген аудандық комсомол комитетінің бірінші секретарына айналған Әлімқұл мен оның ойларын оқырманға көркемдікпен жеткізе білген және очеркті «Армансыз адам болмайтынына, бірақ сол арманның еңбекпен егіз екеніне көзі жетті» деген Әлімқұлдың өмірлік тәжірибесінен туындаған осы бір ойымен аяқтайды.

Көріп отырғанымыздай, автор бұл шағын очеркінің өзінде оқырманына қаншама ой тастап, сол сәтте туа бастаған, әрі қазірге дейін сақталған алдыңғы буын мен келер буынның арасында сақталған көрінбес қорғанды бізге жария еткісі келгенін байқаймыз. Содан да болар, Оралхан Бөкейдің қаламынан туған «Апамның астауы», «Көк тайынша», «Иқаң» және т.б. шағын әңгімелерінің өзінен-ақ осы публицистика жанрының, атап айтқанда очерктің ісі мүңкіп тұратынын аңғара аламыз. Өз заманындағы мәселелерді осылайшы көркем тілімен өрнектей отырып, өз очерктерінде ойын айрықша жеткізе білген автордың ерекше дарындылығына осы арқылы куә боламыз. Мақала басында атап өткендей автордың жазушылық қаламының бастауы толықтай осы публицистика саласында қызмет етуінен етек алғанын осы арқылы көрсеткіміз де келген. Оралхан Бөкей тілінің көркемдігі, оқиғалардың шиеленісі мен психологиялық параллелизмі, күрделіні қарапайым етуі, осының барлығы

оның публицистикалық еңбектерінде кеңінен өріс алып дамып жетілгендігін байқаймыз. Бұл мақаламыздың басты мақсаттарының бірі де, танымал жазушы-драматург, публицисттің жазу стилі мен ерекше өзінің қолтаңбасының тамыры терең журналистика саласындағы еңбек жолынан бастау алғандығын көрсетіп, шағын болса да публицистикалық жазбаларынан мысалдар келтіріп, өзгеден еректігі мен зеректігін одан әрмен ашып көрсету болатын. Қайткенмен де, бұл бағытта әлі талай зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кейбір архивтерде тұмшаланып қалған публицистикалық жазбаларын іздеп табу қажет екендігін де кері тартпаймыз. Керсінше, әлі қаншама зерттеу еңбектері мен талай мақалалардың бұл бағытта жазылатындығына кәміл сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/846>
2. Шығармалары. Очерктер, публицистикалық мақалалар. / Оралхан Бөкей. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.

ӘОЖ 070

**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ:
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Сапар Раушан

armanovnar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Б.Тоқтағазин

Біз ақпараттық технологияның, Бұқаралық ақпарат құралдарының дамып, қоғам өміріне толықтай дерлік енген уақытта өмір сүріп жатырмыз. "Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы" атты өз жолдауында Мемлекет басшысы еркіндік пен әділдікті басты ұстанымы еткен, әрі жауапкершілікті басты назарға қоятын бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды түбегейлі демократияландыруға көшіру әсте мүмкін емес екенін баса назар аударып айтқан болатын. Билік, шын мәнінде, Жаңа Қазақстан құруға ықыласты болса, БАҚ-қа еркіндік беруі керек. Еркіндігі жоқ журналистикамен демократиялық хәм экономикалық қуатты мемлекет орната алмаймыз. Бүгінгі күні дәстүрлі және ресми ақпарат көздерінен ақпарат алу қарқыны күрт төмендеп бара жатқанына куә болып отырмыз.

Қазақстандағы медиа саласы әртүрлі бағытта даму үстінде. Осы төңіректе білімді, өз ісін толық меңгерген білікті маман даярлау ісіне жүктелер міндет пен сұранысқа сай әрекет ету қажеттілігі туындауы да орынды. Журналистика мамандығы бойынша білім беруі ісінің ең алғаш 1934 жылдан бастау алған болатын. Журналистиканың дамуы мен қалыптасуы жолында еңбек сіңірген қайраткерлерді ұмыту әсте мүмкін емес. Журналистиканың көрнекті ұстаздарын, атап айтқанда, негізін қалаған Қайыржан Бекхожин есімі ойға оралады. Сонымен қатар қазақ журналистикасының зерттелуінде төмендегі тұлғалардың орны ерекше:

- Темірбек Қожакеев
- Сағымбай Қозыбаев
- Ләйла Ахметова
- Тауман Амандосов
- Бауыржан Жақып
- Марат Барманқұлов
- Сәуле Барлыбаева